



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

25.12.2025 ж.

№ 8, 5-т.

«Шығыс Қазақстан облысының білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ ақпараттық жұмысты ұйымдастыру туралы.

Кәсіподақтың Орталық комитет аппаратының баспасөз хатшысы М.Ш.Хусынованың ақпаратын тыңдай келе, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті атап өтеді: Шығыс Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымы кәсіподақ мүшелерін уақытылы ақпараттандыруға және ұйымның оң имиджін қалыптастыруға бағытталған ақпараттық жұмысты жүйелі түрде жолға қойып келеді.

Облыстық ұйым өзінің ақпараттық қызметінде Кәсіподақтың Орталық комитетінің сайты, әлеуметтік желілер мен БАҚ беттерін қолданады.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Орталық комитет аппаратының баспасөз хатшысы М.Ш.Хусынованың «Шығыс Қазақстан облысының білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ ақпараттық жұмысты ұйымдастыру туралы» ақпараты назарға алынсын (қоса жалғанады).

2. Шығыс Қазақстан облысының білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағының уәкілетті органдарына:

- облыстық кәсіподақ ұйымының ресми парақшасын кәсіподақ мүшелерімен негізгі коммуникация арнасы ретінде әлеуметтік желілерде орталықтандырылған түрде жүргізуді қамтамасыз ету;

- әлеуметтік желілердегі ресми парақша үшін тікелей эфирлерді, өткізілген іс-шараларды жариялауды, пайдалы кеңестер мен құқықтық түсіндірмелерді, жиі қойылатын сұрақтарға жауаптарды, сондай-ақ кәсіподақ қызметі бойынша тақырыптық блоктарды қамтитын тұрақты айдарлары бар ай сайынғы контент-жоспарды бекіту;

- әлеуметтік желілердегі ресми парақшаның қамту аясын және жазылушылар санын арттыру жөнінде шаралар қабылдау;

- Кәсіподақ ұйымдарының қызметін жан-жақты жария ету мақсатында республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану, материалдарда кәсіподақ мүшелерінің және сала қызметкерлерінің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғау мәселелеріне негізгі басымдық беру;

- ақпараттық жұмысты жүйелі негізде мониторингтеуді қамтамасыз ету.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева